

«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Хаттама №2

Ақтөбе қаласы

21.12.2023 ж

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

1. Тлесова Күмісбек Сейтенович – кеңес төрағасы
2. Кенжебаев Алпысбай Кенжебаевич – кеңес мүшесі
3. Курманов Базарбай Ахметович – кеңес мүшесі
4. Утарова Айгул Оразғалиевна – кеңес мүшесі
5. Калманова Жадыра Елубаевна – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-тәрбие жүйесі бойынша атқарылған жұмыстары және 2023 жылғы мемлекеттік қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есебі.
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамтылуы.
3. «Мектепке жол» акциясының өту барысы, мектептің шотына түскен қаржылай көмектің жұмсалуды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Абуова Қарлыға Қоғабайқызы «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ бойынша оқу-тәрбие жүйесінде атқарылған жұмыстарға және 2023 жылғы мемлекеттік қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп берді.

Есеп барысында педагогтердің құрамы, мұғалімдердің кәсіби дамуы, дарынды балалармен жұмыс, оқу және тәрбие процесі, мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы, 2023 жылғы түлектердің орналасуы, қазіргі таңда 2023-2024 оқу жылындағы болашақ мектеп түлектерінің ұлттық бірыңғай тестке дайындығы, құқықбұзушылықтың алдын-алу мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мазмұны, мектептің материалдық жай-күйі туралы мәліметтерді баяндады.

Сонымен қатар мектеп директоры К.К.Абуова қамқоршылық кеңестің төрағасы Тлесов Күмісбек Сейтеновичтің және мүшелерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

Күн тәртібіндегі екінші және үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Мукаева Д.А мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы туралы баяндама оқыды.

2023 жылдың жұмыс нәтижесін баяндай отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларға мектеп қаражатынан және демеушілерден «Мектепке жол» акциясы аясында көмек көрсетілгенін, жаңа оқу жылынан бастап, 1-4 сынып оқушыларынан 99 оқушы, жекеленген санаттағы 5-11 сынып оқушыларынан 10 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылғандығы туралы айтты.

Қамқоршылық кеңесінің барысында кеңес төрағасы К.С.Тлесов өз пікірін білдірді:

2023 жылдың қорытынды есебін тыңдай отырып, мектептің материалдық жағдайын жақсарту үшін, қосымша қаражат сұрауды, мектепті жаңа модификациялық кабинеттермен жабдықтау қажет екендігін айта отырып, басқа да қажеттіліктер үшін демеушілермен байланыс жасауға ұсыныс білдірді.

Кеңес мүшесі Курманов Базарбай Ахметович 2023 жылдың қорытынды есебіне қанағаттанарлық деген баға бере отырып, мектеп ұжымына табыс тіледі.

Қаулы етті:

Оқу-тәрбие жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар жандандырылып, білім сапасын арттыруға жұмыстар күшейтіліп, бақылауға алынсын.

Мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалуды жалғастыру және бақылау.

Жекеленген санаттағы оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық жұмыстарына жеке кәсіпкерлер мен демеушілер тартылсын.

Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы жалғастырылып, тамақтың сапасын бақылау күнделікті жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:



К.С. Тлесов
А.Р. Шанық